



Сүлейменова Тұрсын Сүлейменқызы

Сүлейменова Тұрсын Сүлейменқызы 18 қаңтар 1953 жылы Лебяжі ауданы, Төс-ағаш ауылында шаруа отбасында дүниеге келді.

1970 жылы Лебяжі ауданы Шарбақты орта мектебін тамамдаған соң, білімін Павлодар қаласындағы педагогикалық институтында жалғастырды.

1970 - 1974 жылдары аралығында жоғары білім алып, математика пәнінің мұғалімі болып шығады.

Еңбек жолын Шарбақты орта мектебінде бастап, осы мектепте 33 жыл аянбай еңбек етті.

Осы уақыт ішінде көптеген шәкірттер тәрбиелеп, математика пәні бойынша жүлделі орындарға ие болған шәкірттерінің, әріптестерінің, ата-аналардың құрметіне бөленді.

2007 жылы отбасы жағдайына байланысты Ақсу қаласына қоныс аударды. 2007-2012 жылдар аралығында Ақсу қаласындағы Қ.Шүлембаев атындағы мектепте мұғалімдік қызметін жалғастырды. Бірінші біліктілік санатындағы мұғалім. Ерең еңбегі үшін құрмет грамоталар мен алғыс хаттарға марапат болды.

2016 жылғы 15 мамырда осы дүниеден озды.

